

## Келісу комиссиясының әрекет ету қағидалары мен оның құрамын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 27 ақпандағы № 86 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 27 наурызда № 14936 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 194-бабының 8-тармағына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының м.а. 26.07.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1. Келісу комиссиясының әрекет ету қағидалары мен оның құрамы бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті:
  - 1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
  - 2) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімдік баспа басылымдарында және "Әділет" акпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бүйрықты алған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық акпарат орталығына жіберілуін;
  - 3) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырулын;
  - 4) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы

Т. Сүлейменов

Ұлттық Банкінің Төрағасы

2017 жылғы 28 ақпан

Д. Ақышев

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

2017 жылғы 27 ақпандары

№ 86 бұйрығымен

бекітілген

## **Келісу комиссиясының әрекет ету қағидалары мен оның құрамы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қатысты Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы бұзушылықтарды тергеп-тексеру нәтижелері бойынша қорытындылардың жобаларын қарау жөніндегі келісу комиссиясының (бұдан әрі – Келісу комиссиясы) әрекет ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) мен оның құрамы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 194 -бабының 8-тармағына сәйкес әзірленді және Келісу комиссиясының әрекет ету тәртібі мен оның құрамын айқындауды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Келісу комиссиясы – отырысқа тергеп-тексеруге қатысатын адамдарды шақыра отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қатысты Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзу фактілері бойынша қорытындылардың жобаларын, олардың толықтығы мен Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын оларда келтірілген бұзушылық фактілері дәлелдемелерінің сапасы тұрғысынан қарау мақсатында құрылған комиссия;

2) жұмыс органы – монополияға қарсы органның құрылымдық бөлімшесі.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 11.09.2020 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының м.а. 26.07.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

3. Келісу комиссиясы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

### **2. Келісу комиссиясының әрекет ету тәртібі**

4. Келісу комиссиясы өз құзыреті шегінде:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қатысты Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды тергеп-тексеру нәтижелері бойынша қорытындылардың жобасын енгізген күннен

бастап күнтізбелік бес күннен аспайтын мерзімде олардың толықтығы мен оларда келтірілген бұзушылық фактілері дәлелдемелерінің сапасы тұрғысынан қарайды;

2) тексеру жүргізетін лауазымды адамға (лауазымды адамдарға) қорытынды жобасын қарау нәтижелері бойынша өзінің ескертулері мен ұсынымдарын енгізеді;

3) тергеп-тексеру жүргізетін лауазымды адамның (лауазымды адамдардың) уәжді қорытындысын қарайды;

4) уәжді қорытындыны қарау нәтижелері бойынша тергеп-тексеру жүргізетін лауазымды адамға (лауазымды адамдарға) ескертулер мен ұсынымдар енгізеді;

5) Келісу комиссиясы құзыретінің мәселелері бойынша, оның ішінде Келісу комиссиясының отырыстарына қатысу үшін мемлекеттік органдардан, қоғамдық бірлестіктерден, қауымдастықтардан (одақтардан) тиісті бейіннің сарапшыларын, мамандарын өтеусіз негізде тартады;

6) Келісу комиссиясына жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті өзге де құқықтарды жүзеге асырады.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 11.09.2020 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Келісу комиссиясын Төраға басқарады.

6. Келісу комиссиясының отырыстары, егер онда Келісу комиссиясы мүшелерінің әрбір мемлекеттік орган өкілдерінің кемінде жартысы қатысса, заңды болып саналады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының м.а. 26.07.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Келісу комиссиясы мүшелерінің саны сегіз адамды құрайды.

8. Келісу комиссиясының хатшысы Келісу комиссиясының мүшесі болып табылмайды.

**9. Алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 11.09.2020 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**10. Алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 11.09.2020 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өтінішінің көшірмесі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне қатысты Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды тергеп-тексерудің нәтижелері бойынша қорытынды жобасы, Келісу комиссиясы отырысының күні белгіленгенге дейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей Келісу комиссиясының қарауына енгізіледі.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 11.09.2020 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен**

соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 11.09.2020 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Қорытынды жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қарсылықтары мен уәждемелерін қарау кезінде Келісу комиссиясының мүшелері өз пікірін білдіреді. Қажет болған жағдайда қорытынды жобасы бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қарсылықтары және уәждері бойынша, Келісу комиссиясының мүшелері ауызша және (немесе) жазбаша түрде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұстанымын сұрайды.

14. Қорытындының жобасына ескертулер қабылданған жағдайда тергеп-тексеру жүргізетін лауазымды адам (лауазымды адамдар) оны пысықтауды жүзеге асырады және ескертулер мен ұсыныстарды алған кезден бастап күнтізбелік бес күннен кешіктірмейтін мерзімде Келісу комиссиясының қарауына қайта ұсынады.

Тергеп-тексеру жүргізетін лауазымды адам (лауазымды адамдар) Келісу комиссияның ескертулері мен ұсынымдарымен келіспеген жағдайда Келісу комиссияның қарауына жататын уәжді қорытындыны қалыптастырады.

Тергеу нәтижелері бойынша қорытындыға келісу комиссиясының ескертулері болмаған жағдайда монополияға қарсы органның лауазымды тұлғасы (лауазымды тұлғалары) қол қояды.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 11.09.2020 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының м.а. 26.07.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

15. Келісу комиссиясы отырысының нәтижелері қажетті құжаттармен қоса, хаттамамен ресімделеді.

16. Хаттамада Келісу комиссиясының құрамы, шақырылған адамдар, оның отырысы өткізілетін жері, мерзімі мен күні, Келісу комиссиясы мүшелерінің айтқан ұстанымдары, сондай-ақ шақырылған сарапшылар болған кезде олардың пікірлері көрсетіледі.

17. Хаттамаға Келісу комиссиясының төрағасы қол қояды және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және тергеп-тексеру жүргізген (жүргізетін) лауазымды (лауазымдық) тұлғалардың (тұлғаның) назарына жеткізіледі.

18. Келісу комиссиясының материалдары мен хаттамалық шешімдерін есепке алу мен сақтауды Келісу комиссиясының жұмыс органы жүзеге асырады.

### **3. Келісу комиссияның құрамы**

19. Келісу комиссиясы мына тұлғалардан тұрады:

- 1) монополияға қарсы органның басшысы, Келісу комиссиясының Төрағасы;
- 2) монополияға қарсы органның басшысының орынбасары, Келісу комиссиясы төрағасының орынбасары;
- 3) монополияға қарсы органның заң қызметінің басшысы;
- 4) монополияға қарсы органның құрылымдық бөлімшесінің басшысы;
- 5) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары;
- 6) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Заң Департаментінің басшысы;
- 7) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Департаментінің басшысы;
- 8) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының басшысы.

**Ескерту.** 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының м.а. 26.07.2024 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Келісу комиссиясының құрамын Қағидалардың 19-тармағына сәйкес монополияға қарсы орган айқындайды.